

2016 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 қарашадағы № 711 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 111-бабына сәйкес және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 329 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2016 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштеріне түзету жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен бірлесіп, тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
Б.Сағынтаев*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2016

жылғы

19

қарашадағы

№

711

қаулысына

қосымша

2016 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету туралы

(мың теңге)

Функционалдық топ			Атауы	Өзгерістер (+/-)
	Әкімші	Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	
	240		Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	
		001	Мәдениет, спорт және дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	- 1 675 389
		001	Мәдениет және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	1 417 000

		037	Діни қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, діни қызмет саласындағы әлеуметтанушылық, ғылыми-зерттеу және талдау қызметтерін жүргізу	- 329 456
	246		Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі	
		001	Дін істері және азаматтық қоғам саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	270 954
		002	Діни қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, діни қызмет саласындағы әлеуметтанушылық, ғылыми-зерттеу және талдау қызметтерін жүргізу	329 456
4			Білім беру	
	225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	
		001	Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	- 12 565
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	
	225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	
		040	Жастар саясаты және азаматтарды патриоттық тәрбиелеу жөнінде іс-шаралар өткізу	- 530 322
	240		Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	
		017	Ішкі саяси тұрақтылықты, қазақстандық патриотизмді, азаматтық қоғам және мемлекеттік институттар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуды қамтамасыз ету	- 498 562
		017	Ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және қазақстандық патриотизмді нығайту	117 384
	246		Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі	
		003	Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету	381 178
		005	Жастар саясаты және азаматтарды патриоттық тәрбиелеу жөнінде іс-шаралар өткізу	530 322